1.5.	Мойын, иық, бел, сегізкөз жүйке өрімдерінің зақымдануы:	
	1.5.1. жарақаттық плексит	10
	1.5.2. өрімнің ішінара үзілуі	40
	1.5.3. өрімдердің толық үзілуі	60
	<i>Ескерту:</i> Жарақаттан туындаған невралгиялар, невропатиялар қосымша сақтандыру төлемін жасауға негіз болмайды	
1.6.	Шеткі жүйкелердің үзілуі:	
	1.6.1. бір: кәрі жілік-білезік буыны мен білек деңгейіндегі кәрі жілік жүйкесі, шынтақ жіліктік немесе ортаңғы жүйке; кіші жілік пен асықты жілік жүйкелері	10
	1.6.2. екі немесе одан да көп: кәрі жілік-білезік буыны мен білек деңгейіндегі кәрі жілік жүйкесі, шынтақ жіліктік немесе ортаңғы жүйке; кіші жілік пен асықты жілік жүйкелері	20
	1.6.3. бір: шынтақ буыны мен иық деңгейіндегі қолтық асты (қанат асты) жүйкесі, кәрі жілік жүйкесі, шынтақ жіліктік немесе ортаңғы жүйке, құйымшақ пен сан жүйкесі	25
	1.6.4. екі немесе одан да көп: шынтақ буыны мен иық деңгейіндегі қолтық асты (қанат асты) жүйкесі, кәрі жілік жүйкесі, шынтақ жіліктік немесе ортаңғы жүйке, құйымшақ пен сан жүйкесі	35
	<i>Ескерту:</i> Табан, табан саусақтары мен қолбасы деңгейіндегі жүйкенің зақымдануы сақтандыру төлемін жасауға негіз болып табылмайды	
2.	КӨРУ МҮШЕЛЕРІ	
2.1.	Бір көздің бейімделуінің салдануы	15
2.2.	Гемиянопсия (бір көздің көру өрісінің жартысының жоғалуы), көз алмасы бұлшықеттерінің зақымдануы (жарақаттық қылилық, птоз, диплопия)	15
2.3.	Бір көздің көру өрісінің тарылуы:	
	2.3.1. зейін қоюға байланысты емес немесе көру өрісінің тарылуы (жартысынан азға дейін)	5
	2.3.2. зейін қоюға байланысты немесе көру өрісінің жартысының немесе одан да көп бөлігінің жоғалуы (гемиянопсия)	10

2.4.	Солқылдаған экзофтальм:	
	2.4.1. бір көз	10
	2.4.2. екі көз	20
2.5.	II-III дәрежедегі күйіктер, көз алмасының өтпейтін жарақаттары, көз бұршағының ығысуы, көз алмасы мен көз шарасының магнитті емес бөгде денелері, көру қабілетінің төмендеуіне әкеп соқпаған көз алмасы қабықшаларының тыртықтары, нұрлы қабықтың жалақ жарасы	
	2.5.1. бір көз	3
	2.5.2. екі көз	5
	<i>Ескерту:</i> 1. Дәрежесі көрсетілмеген көздің күйіктері, сондай-ақ патологиялық өзгерістерге әкеп соқпаған I-дәрежедегі көздің күйіктері төлем жасауға негіз болып табылмайды. 2. Көру өткірлігінің төмендеуіне әкелмеген көздің қабықшаларындағы беттік бөгде денелер, көз алмасының контузиясы сақтандыру төлемін жасауға негіз болмайды.	
2.6.	Көз жасын өткізгіш жолдардың функциясының бұзылуына әкелген зақым:	
	2.6.1. бір көз	5
	2.6.2. екі көз	10
2.7.	Жарақат салдарынан көрмей қалған көз алмасының алынып тасталуы	5
2.8.	Көзұясының сынуы:	
	2.8.1. бір көз	5
	2.8.2. екі көз	10
2.9.	Көру қабілеті кемінде 0,01 болған кісінің көру қабілетінің толық жоғалуына әкелген көздің (көздердің) зақымдануы:	
	2.9.1. бір көз	40
	2.9.2. жалғыз көз немесе екі көз	60
3.	ЕСТУ МҮШЕЛЕРІ	
3.1.	Бір құлақ жарғағының зақымдануының салдары:	
	3.1.1. құлақ жарғағының 1/3 бөлігіне дейін болмауы	4
	3.1.2. құлақ жарғағының 1/3 - 1/2 бөлігінің болмауы	8
	3.1.3. құлақ жарғағының 1/2-ден астам бөлігінің болмауы	15
3.2.	Екі құлақ жарғағының зақымдануының салдары:	
	3.2.1. құлақ жарғағының 1/3 бөлігіне дейін болмауы	8
	3.2.2. құлақ жарғағының 1/3 - 1/2 бөлігінің болмауы	16
	3.2.3. құлақ жарғағының 1/2-ден астам бөлігінің болмауы	30
	<i>Ескерту:</i> Егер құлақ жарғағының зақымдануына байланысты сақтандыру төлемі 3.1-бапқа немесе 3.2.-бапқа сәйкес жүзеге асырылса, 8.1-бап қолданылмайды.	
3.3.	Есту қабілетінің төмендеуіне әкелген бір құлақтың зақымдануы:	
	3.3.1. 1-2 метрге дейінгі қашықтықта сыбырлап сөйлеу	6
	3.3.2. 1 метрге дейін сыбырлап сөйлеу	15
	3.3.3. толық керендік (ауызша сөйлеу - 0)	25
	<i>Ескерту:</i> Есту мүшесі жарақатының салдарынан есту қабілетінің төмендеуіне байланысты сақтандыру сомасын төлеу туралы шешім емдеу аяқталғаннан кейін, бірақ жарақат алған күннен бастап 3 айдан ерте емес мерзімде қабылданады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін сақтанушы алған зақымның салдарын анықтау үшін ЛОР маманына жіберіледі.	
3.4.	Жарақат нәтижесінде пайда болған, бірақ есту қабілетінің төмендеуіне әкелмеген дабыл жарғағының жыртылуы:	
	3.4.1. бір жағы	3
	3.4.2. екі жағы	6
	<i>Ескерту:</i> 1. Егер жарақат салдарынан дабыл жарғағы жыртылып, есту қабілетінің төмендеуі орын алса, сақтандыру сомасы 3.3-бапқа сәйкес белгіленеді, ал 3.4.-бап бұл ретте қолданылмайды. 2. Егер дабыл жарғағы бас сүйегі негізінің (ортаңғы бассүйек шұңқырының) сынуы нәтижесінде жыртылса, 3.4-бап қолданылмайды.	
4.	ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ	
4.1.	Мұрын сүйектерінің сынуы, маңдай мен гаймор қойнауларының алдыңғы қабырғасының сынуы, торлы сүйек кеңсірігінің сынуы	5
	<i>Ескерту:</i> 4.1.-бап бойынша сақтандыру төлемі бір рет жүзеге асырылады.	
4.2.	Төс сүйегінің сынуы	5
4.3.	Қабырғаның сынуы:	
	4.3.1. бір қабырға	3
	4.3.2. әрбір келесі қабырға үшін	1
	<i>Ескерту:</i>	

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жазатайым оқиғаға байланысты реанимациялық іс-шаралар кезінде қабырға сынған жағдайда, сақтандыру төлемі жалпы негізде жүргізіледі. 2. Зақымданған қабырғалардың саны туралы әртүрлі мәліметтерді қамтитын емдеу мекемелерінен бірнеше анықтама болған жағдайда, стационардан немесе жарақат бойынша емдеу жүргізілген соңғы емдеу мекемесінен алынған анықтама негізге алынады немесе кеңесші дәрігердің рентгенограммаларды зерттеуі негізінде шешім қабылданады. 	
4.4.	Көмейдің, кеңірдектің, қалқанша шеміршектің зақымдануы, тіл асты сүйегінің сынуы, кемінде 7 күн үздіксіз емделген жағдайда дисфункцияға әкелмеген жоғарғы тыныс жолдарының күйігі	5
4.5.	Көмейдің, кеңірдектің, қалқанша шеміршектің, тіл асты сүйегінің зақымдануы, жоғарғы тыныс жолдарының күйігі, дисфункцияға әкелген жарақатқа байланысты орындалған трахеостомия:	
	4.5.1. дауыстың қарлығуы немесе жоғалуы, жарақаттан кейін кемінде 3 ай бойы трахеостомия түтігін пайдалану	10
	4.5.2. дауыстың жоғалуы, жарақаттан кейін кемінде 6 ай бойы трахеостомия түтігін пайдалану	20
5.	ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІ	
5.1.	Жүректің, эндо-, мио-, эпикардтың және жүрек-тамыр қызметінің жеткіліксіздігіне әкелмеген ірі магистралды қан тамырларының зақымдануы	10
5.2.	Жүректің, эндо-, мио-, эпикардтың және жүрек-тамыр қызметінің жеткіліксіздігіне әкелген ірі магистралды қан тамырларының зақымдануы	
	5.2.1. 1-дәрежедегі	10
	5.2.2. 2-дәрежедегі	20
	5.2.3. 3-дәрежедегі	25
5.3.	Жүрек-тамыр қызметінің жеткіліксіздігіне әкелген ірі шеткі қан тамырларының зақымдануы	20
	<i>Ескерту:</i>	
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ірі магистралды тамырларға мыналар жатады: қолқа, өкпе тамыры, атаусыз тамыр, ұйқы күретамырлары, ішкі мойындырық көктамырлары, жоғарғы және төменгі қуыс тамырлар, қақпалық көктамыр, сондай-ақ ішкі мүшелердің қан айналымын қамтамасыз ететін магистралды тамырлар. 2. Ірі шеткі тамырларға мыналар жатады: бұғана асты, қолтық асты (қанат асты), иық, шынтақ пен кәріжілік күретамырлары, мықын, сан, тақым, алдыңғы және артқы асықты жілік күретамырлары; иық-бас, бұғана асты, қолтық асты, сан мен тақым тамырлары. 3. Егер сақтанушы өз өтінішінде жарақаттың жүрек-тамыр жүйесі қызметінің бұзылуына әкеп соқтырғанын көрсетсе, растама ретінде осы бұзылыс туралы маманның қорытындысын ұсынуы қажет. 	
6.	АСҚОРЫТУ МҮШЕЛЕРІ	
6.1.	Жақтың сынуы:	
	6.1.1. бір сүйектің сынуы, оның ішінде ұяшықтық өсіндінің оқшауланған сынуы, жақ сүйегінің шығуы	5
	6.1.2. екі немесе одан да көп сүйектердің сынуы немесе бір сүйектің қосарланып сынуы, сынуы-шығуы	10
	<i>Ескерту:</i>	
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Наркоз жасаған кезде жазатайым жақ сүйегі сынған жағдайда, сақтандыру төлемі жалпы негізде жүзеге асырылады. 2. Тістерден айырылған кезде ұяшықтық өсіндінің сынуы сақтандыру төлемін жасауға негіз болып табылмайды. 	
6.2.	Жақтың зақымдануының салдары:	
	6.2.1. жақ бөлігінен (ұяшықтық өсіндіні қоспағанда) айырылу	30
	6.2.2. жақтан айырылу	40
	<i>Ескерту:</i>	
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жақтың немесе оның бір бөлігінің болмауына байланысты сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде санына қарамастан тістерден айырылу да есепке алынады. 2. Жақ жарақаты ауыз қуысының басқа мүшелерінің зақымдануымен қатар болған жағдайларда, жарақаттар тиісті баптар бойынша есепке алына отырып, төленуге жататын сақтандыру сомасынан пайыз қосындылау арқылы анықталады. 	
6.3.	Тілдің зақымдануының салдары:	
	6.3.1. тілдің дисталды үштен бір бөлігінің болмауы	15
	6.3.2. тілдің ортаңғы үштен бір деңгейде болмауы	30
	6.3.3. тілдің түбір деңгейінде болмауы немесе тілдің толық болмауы	40
6.4.	Тістерден айырылу:	
	6.4.1. 2-3 тістен	3
	6.4.2. 4-6 тістен	5
	6.4.3. 7 немесе одан да көп	10
	<i>Ескерту:</i>	
	1. Алынбайтын протезі бар тістердің зақымдануы нәтижесінде сынған немесе жоғалған жағдайда, сақтандыру төлемі тек тірек тістерден айырылуды ескере отырып жүргізіледі. Алынбалы протездердің зақымдануына, өзгерген ауру тістің (тістердің), яғни кариозды (кариес, пульпит, периодонтит) немесе кариозды емес (эмаль гипоплазиясы, флюороз) аурулармен зақымданған, соның ішінде пломбаланған тістің шығуына немесе сынуына байланысты	

	<p>сақтандыру төлемі жасалмайды. Алайда өзгерген ауру тістер жақ сүйегі сынығының сызығында болса және осы сыныққа байланысты жұлынып тасталса, олардан айырылғандық үшін сақтандыру төлемі жалпы негізде жүргізіледі.</p> <p>2. Жарақат нәтижесінде сүт тістері түскеннемесе сынған жағдайда, 5 жасқа дейінгі балаларда сақтандыру төлемі жалпы негізде жүргізіледі.</p> <p>3. Тістер түскен және жақ сынған жағдайда төленуге жататын сақтандыру төлемінің мөлшері 6.1 және 6.4 баптар бойынша қосындылау арқылы анықталады.</p> <p>4. Жарақат салдарынан жұлынған тіс имплантталған жағдайда, сақтандыру төлемі 6.4-бап бойынша жалпы негізде жүзеге асырылады. Егер бұл тіс кейін жұлынса, қосымша төлем жасалмайды.</p>	
7.	ЖЫНЫС ЖҮЙЕСІ	
7.1.	Зорлау:	
	7.1.1. 7 жасқа дейін қоса алғанда	40
	7.1.2. 8 жастан 14 жасқа дейін қоса алғанда	30
	7.1.3. 15 жастан 17 жасқа дейін	20
	7.1.4. 18 жас және одан жоғары	10
	<p><i>Ескерту:</i></p> <p>7.1-бап бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру шартында көзделген басқа да құжаттардан басқа, сот-медициналық сараптама қорытындысын міндетті түрде ұсыну арқылы жүзеге асырылады.</p>	
8.	ЖҰМСАҚ ТІНДЕР	
8.1.	II-дәрежедегі күйіктер себепті беттің жұмсақ тіндерінің, мойынның алдыңғы-бүйірлік бетінің, жақ асты аймағының зақымдануы:	
	8.1.1. Дене бетінің 1% - 2%	3
	8.1.2. 3% немесе одан да көп	5
	<p><i>Ескерту:</i></p> <p>Зерттелетін адамның дене бетінің 1% Сақтанушының қолбасының алақандық беті мен саусақтарының ауданына тең.</p>	
8.2.	Тыртықтардың пайда болуына әкелген беттің, бастың шашты бөлігінің, тұлғаның, аяқ-қолдың жұмсақ тіндерінің зақымдануы, сондай-ақ тіндердің III-IV-дәрежедегі күйіктері:	
	8.2.1. Дене бетінің 1% - 2%	10
	8.2.2. Дене бетінің 2% - 4%	15
	8.2.3. Дене бетінің 4% - 6%	20
	8.2.4. Дене бетінің 6% - 8%	25
	8.2.5. Дене бетінің 8% - 10%	30
	8.2.6. 11% немесе одан да көп	35
	<p><i>Ескерту:</i></p> <p>Зерттелетін адамның дене бетінің 1% Сақтанушының қолбасының алақандық беті мен саусақтарының ауданына тең.</p>	
8.3.	Күйік ауруы (күйіктен улану), күйіктен есеңгіреу	10
9.	ОМЫРТҚА	
9.1.	Денелердің, доғалардың, омыртқа буындары өсінділерінің (сегізкөз бен құйымшақтан басқа) сынуы, сынуы-шығуы немесе шығуы:	
	9.1.1. бір	5
	9.1.2. екі-үш	10
	9.1.3. төрт немесе одан да көп	20
9.2.	Әрбір көлденең немесе қылқанды өсіндінің сынуы:	
	9.2.1. бір	3
	9.2.2. екі-үш	7
	9.2.3. үш немесе одан да көп	10
9.3.	Сегізкөздің сынуы	10
9.4.	Құйымшақтың зақымдануы:	
	9.4.1. құйымшақ омыртқаларының сынуы	5
	9.4.2. жарақатқа байланысты құйымшақ омыртқаларының алынып тасталуы	10
	<p><i>Ескерту:</i></p> <p>1. Омыртқалардың сынуы немесе шығуы жұлынның зақымдалуымен қоса орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр зақым қарастырылған бап бойынша бір рет жүргізіледі.</p> <p>2. Бір жарақаттың салдарынан омыртқа денесінің сынуы, байламдардың зақымдануы, көлденең немесе қылқанды өсінділердің сынуы орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр зақым қарастырылған бап бойынша бір рет жүргізіледі.</p>	
ҚОЛ ЖАҚ		
10.	ЖАУЫРЫН МЕН БҰҒАНА	
10.1.	Жауырынның, бұғананың сынуы, топшы-бұғана, төс-бұғана жүйесінің толық немесе ішінара үзілуі:	
	10.1.1. бір сүйектің сынуы, шығуы, бір буын жүйесінің үзілуі	5

	10.1.2. екі сүйектің сынуы, бір сүйектің қосарланып сынуы, екі буынның үзілуі немесе сынуы, бір сүйектің шығуы және бір буынның үзілуі, бұғананың сынуы-шығуы	10
	10.1.3. сынықтың бітпеуі (жалған буынның пайда болуы)	15
	<i>Ескерту:</i> <i>Бітпеген сынықпен (жалған буынмен) байланысты сақтандыру төлемі жарақат алған соң 6 айдан кейін жарақаттың асқынуы емдеу-алдын алу мекемесінде анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, төленеді.</i>	
11.	ИЫҚ БУЫНЫ	
11.1.	Иық буынының (жауырынның буын қуысының, иық сүйегі басының, анатомиялық, хирургиялық мойынның, бұдырмақтардың, буын қалтасының) зақымдануы:	
	11.1.1. жауырынның буын қуысының сынуы, жартылай шығуы, сіңірлердің, иық буыны қапшығының толық немесе ішінара жыртылуы, сүйек бөліктерінің, соның ішінде үлкен бұдырмақтың жұлынуы, иықтың шығуы	5
	11.1.2. екі сүйектің сынуы, иықтың сынуы-шығуы	10
	11.1.3. иықтың сынуы (бастың, анатомиялық, хирургиялық мойынның), иықтың сынуы-шығуы	15
11.2.	Иық белдеуінің зақымдануының салдары:	
	11.2.1. буын қозғалысының болмауы (анкилоз)	20
	11.2.2. жалғаушы сүйектердің буын беттерін резекциялау нәтижесінде иық буынының «салбырауы»	30
	<i>Ескерту:</i> <i>11.2-бап бойынша сақтандыру төлемі осы бапта аталған асқынулар жарақат алған соң 6 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, иық буыны аймағының зақымдануына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.</i>	
12.	ИЫҚ	
12.1.	Иық сүйегінің (буындардан басқа) кез келген деңгейдегі сынуы:	
	12.1.1. ығысусыз	10
	12.1.2. ығысумен	15
12.2.	Сүйек фрагменттерінің ажырауын қоспағанда, сынықтың бітпеуіне (жалған буынның пайда болуына) әкелген иық сүйегінің сынуы	40
	<i>Ескерту:</i> <i>12.2-бап бойынша сақтандыру төлемі аталған асқынулар жарақат алған соң 9 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталған жағдайда, иық жарақатына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.</i>	
12.3.	Қол жақтың жарақаттық ампутациясы немесе төмендегілердің ампутациясына әкелген ауыр зақым:	
	12.3.1. иықтың кез келген деңгейі	40
	12.3.2. қол-жауырын, бұғана немесе оның бір бөлігі	60
	12.3.3. иық деңгейіндегі жалғыз қол	80
13.	ШЫНТАҚ БУЫНЫ	
13.1.	Шынтақ буынының зақымдары:	
	13.1.1. сүйек фрагменттерінің, соның ішінде иық сүйегінің айдаршық сіңірлерінің ажырауы, кәрі жіліктің немесе шынтақ сүйегінің сынуы, буын қапшығының жыртылуы	5
	13.1.2. кәрі жілік пен шынтақ сүйектерінің сынуы, иық сүйегінің айдаршық сіңірлерінің сынуы, айдаршық сіңірлер арасындағы (айдаршық аралық) иық сүйегінің сынуы, білектің шығуы	10
	13.1.3. кәрі жілік және/немесе шынтақ сүйектерімен иық сүйегінің сынуы	15
13.2.	Шынтақ буыны аймағының зақымдануының салдары:	
	13.2.1. буын қозғалысының болмауы (анкилоз)	20
	13.2.2. жалғаушы сүйектердің буын беттерін резекциялау нәтижесінде шынтақ буынының «салбырауы»	30
	<i>Ескерту:</i> <i>13.2-баптың 13.1.2-тармағы бойынша сақтандыру төлемі буын қозғалысының болмауы жарақат алған соң 6 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, шынтақ буыны аймағының зақымдануына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.</i>	
14.	БІЛЕК	
14.1.	Буындар аймағын (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бір бөлігін) қоспағанда, кез келген деңгейдегі білек сүйектерінің сынуы:	
	14.1.1. бір сүйектің сынуы, шығуы	5
	14.1.2. екі сүйектің сынуы, сынуы-шығуы	10
14.2.	Сүйек фрагменттерін қоспағанда, білек сүйектерінің бітпеген сынығы (жалған буын):	
	14.2.1. бір сүйектің	15
	14.2.2. екі сүйектің	30
	<i>Ескерту:</i> <i>14.2-бап бойынша сақтандыру төлемі асқыну жарақат алған соң 9 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, білек жарақатына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.</i>	

14.3.	Жарақаттық ампутацияның немесе ауыр зақымның салдары:	
	14.3.1. білектің кез келген деңгейдегі ампутациясы	40
	14.3.2. шынтақ буынындағы экзартикуляция	50
15.	КӘРІ ЖІЛІК-БІЛЕЗІК БУЫНЫ	
15.1.	Кәрі жілік-білезік буыны аймағының зақымдары:	
	15.1.1. білектің бір сүйегінің сынуы, бізтәрізді өсіндінің (өсінділердің) жұлынуы, сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) ажырауы, шынтақ сүйегі басының шығуы, буын қапшығының жарылуы	5
	15.1.2. білектің екі сүйегінің сынуы, қолбасының жарты ай тәрізді сүйегінің шығуы	10
15.2.	Буын қозғалысының болмауына (анкилоз) әкелген кәрі жілік-білезік буыны аймағының зақымдануы	15
	<i>Ескерту:</i> 15.2.-бап бойынша сақтандыру төлемі буын қозғалысының болмауы жарақат алған соң 6 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, кәрі жілік-білезік буыны аймағының зақымдануына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.	
16.	ҚОЛБАСЫ	
16.1.	Бір қолдың білек сүйектерінің, алақан сүйектерінің сынуы-шығуы:	
	16.1.1. бір сүйек (қайық тәрізді сүйекті қоспағанда)	5
	16.1.2. екі немесе одан да көп сүйектер (қайық тәрізді сүйекті қоспағанда)	10
16.2.	Білектің зақымдануының салдары:	
	16.2.1. сүйек фрагменттерінің ажырауын қоспағанда, бір сүйек сынығының бітпеуі (жалған буынның пайда болуы)	5
	16.2.2. сүйек фрагменттерінің ажырауын қоспағанда, екі және одан да көп сүйектер сынығының бітпеуі (жалған буынның пайда болуы)	10
	<i>Ескерту:</i> 16.2.-баптың 16.2.1-тармағы бойынша сақтандыру төлемі жарақаттың асқынуы жарақат алған соң 6 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, білек немесе алақан сүйектері сынығының бітпеуіне (жалған буынның пайда болуына) байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.	
16.3.	Білек, алақан сүйектеріне дейінгі қолдың ампутациясына немесе дисфункциясына (жарақат алған соң тоғыз айдан кейін қолдың немесе оның бір бөлігінің іс жүзіндегі жарамсыздығына) әкелген қолдың жарақаттық ампутациясы немесе зақымдануы:	
	16.3.1. бір қолбасының	40
	16.3.2. жалғыз қолбасының	80
ҚОЛБАСЫНЫҢ САУСАҚТАРЫ		
17.	БІРІНШІ САУСАҚ (БАС БАРМАҚ)	
17.1.	Бунақтың (бунақтардың) сынуы, сынуы-шығуы, буын қапшығының жарылуы, саусақ сіңірінің (сіңірлерінің) үзілуі:	5
	<i>Ескерту:</i> Тырнақ жанындағы буылтықтың іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз болмайды.	
17.2.	Қозғалыстың болмауына әкелген саусақтың зақымдануы:	
	17.2.1. бір буында	10
	17.2.2. екі буында	15
17.3.	Төмендегі деңгейлердегі ампутацияға немесе дисфункцияға (жарақат алған соң тоғыз айдан кейін саусақтың іс жүзіндегі жарамсыздығына) әкелген қолбасы саусағының жарақаттық ампутациясы немесе зақымдануы:	
	17.3.1. тырнақ бунағы, бунақ аралық буын (бунақтан айырылу)	5
	17.3.2. негізгі бунақ, алақан-бунақ буыны (саусақтан айырылу)	10
	17.3.3. алақан сүйегі бөлігімен қоса, қолдың бас бармағынан айырылу	20
18.	ЕКІНШІ, ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ, БЕСІНШІ САУСАҚТАР	
18.1.	Бунақтың (бунақтардың) сынуы, сынуы-шығуы, саусақ сіңірінің (сіңірлерінің) үзілуі:	
	18.1.1. бір бунақтың	3
	18.1.2. екі бунақтың	5
	18.1.3. үш бунақтың	7
	18.1.4. төрт бунақтың	10
	<i>Ескерту:</i> Тырнақ жанындағы буылтықтың іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз болмайды.	
18.2.	Қозғалыстың болмауына әкелген саусақтың зақымдануы:	
	18.2.1. бір буында	5
	18.2.2. саусақтың екі немесе үш буынында	10
	<i>Ескерту:</i>	

	<i>18.2.-бап бойынша төлем кезінде диагноз сақталған жағдайда, жарақат алған күннен бастап алты айдан ерте емес жасалады.</i>	
18.3.	Төмендегі деңгейлердегі ампутацияға немесе дисфункцияға (жарақат алған соң тоғыз айдан кейін саусақтың іс жүзіндегі жарамсыздығына) әкелген қолбасы саусағының (саусақтарының) жарақаттық ампутациясы немесе зақымдануы:	
	18.3.1. тырнақ бунағы, дисталды бунақ аралық буын (бунақтан айырылу)	2
	18.3.2. ортаңғы бунақ, проксималды бунақ аралық буын (екі бунақтан айырылу)	3
	18.3.3. негізгі бунақ, алақан-бунақ буыны (саусақтан айырылу)	5
	18.3.4. алақан сүйегімен қоса, саусақтан немесе оның бөлігінен айырылу	10
	18.3.5. бір қолбасының барлық саусақтары	30
19.	ЖАМБАС	
19.1.	Жамбас сүйектерінің сынуы, сынуы-шығуы:	
	19.1.1. қанаттың сынуы	5
	19.1.2. шат, шонданай сүйектерінің, мықын сүйегінің сынуы	10
	19.1.3. екі немесе одан да көп сүйектердің бір жағынан сынуы	15
	19.1.4. ұршықтық ойыстың (оның ішінде орталық және шеткі жамбастың шығуымен қоса)	20
19.2.	Шат, сегізкөз-мықын жүйесінің ажырауы:	
	19.2.1. бір немесе екі буынның	10
	19.2.2. екіден көп	15
ТӨМЕНГІ ЖАҚ		
20.	ЖАМБАС-САН БУЫНЫ	
20.1.	Жамбас-сан буынының зақымдары:	
	20.1.1. байламдардың толық немесе ішінара үзілуі, ұршықтың (ұршықтардың) окшауланып ажырауы	5
	20.1.2. жамбас-сан буынындағы жамбастың шығуы (оның ішінде сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) ажырауы	10
	20.1.3. бастың, мойынның, санның проксималды метафизінің сынуы	15
	<i>Ескерту:</i> <i>Бір жарақаттың нәтижесінде жамбас-сан буынының әртүрлі зақымдары болған жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр зақым қарастырылған тармақтардың біріне сәйкес жүзеге асырылады.</i>	
20.2.	Жамбас-сан буынының зақымдануының салдары:	
	20.2.1. қозғалыстың болмауы (анкилоз)	20
	20.2.2. Сан басының резекциясы нәтижесінде буынның «салбырауы»	30
	<i>Ескерту :</i> <i>20.2.-бапта көрсетілген асқынуларға байланысты сақтандыру төлемі буын жарақаты себепті жүргізілген төлем шегеріліп, жүзеге асырылады</i>	
21.	САН	
21.1.	Санның кез келген деңгейдегі сынуы (буындар аймағынан басқа):	
	21.1.1. сынықтардың ығысуынсыз	20
	21.1.2. сынықтардың ығысуымен	25
	21.1.3. сан сүйегінің бітпеген сынығы	30
	<i>Ескерту:</i> <i>21.1.-бап бойынша сақтандыру төлемі асқыну жарақат алған соң 9 ай өткеннен кейін емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, санның сынуына байланысты жасалған төлем шегеріліп, жүзеге асырылады.</i>	
21.2.	Санның аталған кез келген деңгейіндегі аяқтың ампутациясына әкелген жарақаттық ампутация немесе ауыр зақым:	
	21.2.1. санның ортасына дейінгі	40
	21.2.2. санның ортасынан жоғары	60
	21.2.3. жалғыз аяқтың	80
22.	ТІЗЕ БУЫНЫ	
22.1.	Тізе буыны аймағының зақымдануы:	
	22.1.1. сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) ажырауы, айдаршықтың (айдаршықтардың) сынуы, асықты жілік шыбығы басының сынуы, тегіршіктің зақымдануы, тізе тобығының шығуы, буын қапшығының жыртылуы, байламдардың үзілуі	5
	22.1.2. айдаршық аралық томпақтың, асықты жіліктің проксималды метафизінің сынуы	10
	22.1.3. асықты жілік шыбығы басымен қоса, асықты жіліктің проксималды метафизінің сынуы	15
	22.1.4. тізе буынын құрайтын сүйектердің сынуы (санның дисталды эпифизи және асықты жіліктің проксималды эпифизи)	20
	<i>Ескерту:</i> <i>Тізе буынының әртүрлі жарақаттары біріктірілген жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр зақым қарастырылған 22.1.-баптың тармақтарының біріне сәйкес бір рет жүргізіледі.</i>	
22.2.	Тізе буынының зақымдануының салдары:	
	22.2.1. буын қозғалысының болмауы (анкилоз)	20

	22.2.2. жалғаушы сүйектердің буын беттерін резекциялау нәтижесінде тізе буынының «салбырауы»	30
	<i>Ескерту:</i> 22.2.-бап бойынша сақтандыру төлемі буын жарақатына байланысты жүргізілген төлем шегеріліп, жүзеге асырылады.	
23.	ЖІЛІНШІК	
23.1.	Жіліншік сүйектерінің сынуы (буындар аймағын қоспағанда):	
	23.1.1. асықты жілік шыбығының сынуы, сүйек фрагменттерінің ажырауы	5
	23.1.2. асықты жіліктің сынуы, асықты жілік шыбығының қосарланып сынуы	10
	23.1.3. екі сүйектің сынуы, асықты жіліктің қосарланып сынуы	15
	<i>Ескерту :</i> 23.1-бапқа сәйкес сақтандыру төлемінің мөлшері келесі жағдайларда жасалады: 1. асықты жілік шыбығының жоғарғы және ортаңғы үштен бір бөлігінде сынуы; 2. асықты жілік диафизінің кез келген деңгейде сынуы; 3. асықты жіліктің диафиз аймағында (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бір бөлігінде) сынуы және асықты жілік шыбығының жоғарғы немесе ортаңғы үштен бір бөлігінде сынуы.	
23.2.	Сүйек фрагменттерінің ажырауын қоспағанда, бітпеген сыныққа (жалған буынға) әкелген жіліншік сүйектерінің сынуы:	
	23.2.1. асықты жілік шыбығының	5
	23.2.2. асықты жіліктің	10
	23.2.3. асықты жілік пен асықты жілік шыбығының	15
	<i>Ескерту:</i> 23.3.-бап бойынша сақтандыру төлемі асқыну жарақат алған соң 9 ай өткеннен кейін емдеудің алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, жіліншік сүйектерінің сынуына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.	
23.3.	Жарақаттық ампутацияның немесе ауыр зақымданудың салдары:	
	23.3.1. жіліншіктің кез келген деңгейдегі ампутациясы	40
	23.3.2. тізе буынындағы экзартикуляция	50
24.	ЖІЛІНШІК-ТАБАН БУЫНЫ	
24.1.	Жіліншік-табан буыны аямағының зақымдары:	
	24.1.1. байламдардың үзілуі, тобықтың немесе асықты жілік шетінің сынуы	3
	24.1.2. екі тобықтың сынуы, бір тобықтың асықты жіліктің шетімен қоса сынуы, асықты жілік метафизінің (эпиметафизінің) сынуы	10
	24.1.3. екі тобықтың асықты жіліктің шетімен қоса сынуы (үш тобықты сынық)	15
24.2.	Жіліншік-табан буыны аймағының зақымдануының салдары:	
	24.2.1. жіліншік-табан буынында қозғалыстың болмауы (анкилоз)	20
	24.2.2. жалғаушы сүйектердің буын беттерін резекциялау нәтижесінде жіліншік-табан буынының «салбырауы»	30
	24.2.3. жіліншік-табан буынындағы экзартикуляция	40
24.3.	Ахилл сіңірінің зақымдануы:	
	24.3.1. консервативті емдеу кезінде	5
	24.3.2. оталық емдеу кезінде	15
25.	ТАБАН	
25.1.	Табанның зақымдары:	
	25.1.1. сүйектің сынуы (өкше мен асық сүйектерін қоспағанда), байламдардың үзілуі (қосалқы сүйектен басқа)	3
	25.1.2. сыну, екі сүйектің шығуы, асық сүйегінің сынуы	5
	25.1.3. сыну, үш немесе одан да көп сүйектердің шығуы, өкше сүйегінің сынуы, табанның асық сүйегінің шығуы, табанның көлденең буынында (Шопар) немесе тілерсек-табан буынында (Лисфранк) шығуы	10
	<i>Ескерту:</i> Әртүрлі жарақаттардың нәтижесінде табан сүйектері сынған немесе шыққан жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір жарақаттану фактісі ескеріле отырып жүргізіледі.	
25.2.	Табан сүйегінің бітпеген сынығы (жалған буын):	
	25.2.1. бір-екі сүйектің (өкше мен асық сүйектерін қоспағанда)	5
	25.2.2. үш немесе одан да көп сүйектердің, сондай-ақ асық немесе өкше сүйектерінің	10
	25.2.3. асық асты буынының, тілерсектің көлденең буынының (Шопар) немесе тілерсек-табан буынының (Лисфранк) артродезі	15
	<i>Ескерту:</i> Сүйек фрагменттерінің ажырауы орын алған кезде 25.2.-баптың 25.2.1., 25.2.2-тармақтары қолданылмайды.	

25.3.	Төмендегілердің ампутациясына немесе дисфункциясына (жарақат алған соң тоғыз айдан кейін аяқтың немесе оның бөлігінің іс жүзіндегі жарамсыздығына) әкелген табанның жарақаттық ампутациясы немесе зақымдануы:	
25.3.1.	табан-бақайшақтар буындарының (барлық аяқ саусақтарынан айырылу)	20
25.3.2.	табан немесе тілерсек сүйектерінің	25
25.3.3.	асық, өкше сүйектерінің (табаннан айырылу)	30
	<i>Ескерту:</i> 25.2-бапта қарастырылған табан жарақатының асқынуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі асқыну жарақат алған соң 6 ай өткеннен кейін, ал 25.3.-бап бойынша жарақат алған күннен кейін өткен уақытқа қарамастан, емдеу-алдын алу мекемесімен анықталып, осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, табан жарақатына байланысты жасалған сақтандыру төлемімен қоса жүзеге асырылады.	
26.	ТАБАНЫҢ САУСАҚТАРЫ	
26.1.	Бақайшақтың (бақайшақтардың) сынуы, сынуы-шығуы, саусақ сіңірінің (сіңірлерінің) үзілуі:	
26.1.1.	бір табанның бақайшағының (бақайшақтарының)	3
26.1.2.	бір табанның екі немесе үш бақайшағының	5
26.1.3.	бір табанның төрт және бес бақайшағының	10
	<i>Ескерту:</i> Аяқ басы саусақтарының іріңді қабынуы сақтандыру төлемін жасауға негіз болып табылмайды.	
26.2.	Аяқ басының (аяқ бастарының) саусағына (саусақтарына) дейінгі аяқтың ампутациясына немесе дисфункциясына (жарақат алған соң тоғыз айдан кейін аяқтың немесе оның бөлігінің іс жүзіндегі жарамсыздығына) әкелген аяқтың жарақаттық ампутациясы немесе зақымдануы:	
26.2.1.	біріншісінен басқа, аяқ басы саусағының тырнақ немесе ортаңғы бақайшақтар, дисталды және проксималды бақайшақ аралық буындар деңгейіндегі (бір, екі бақайшақтан айырылу)	5
26.2.2.	біріншісінен басқа, аяқ басы саусағының негізгі бақайшағы, табан-бақайшақтар буыны деңгейіндегі (саусақтан айырылу), бірінші саусақтың тырнақ бақайшағы, бақашайқ аралық буын деңгейіндегі (тырнақ бақайшағынан, оның бөлігінен айырылу)	7
26.2.3.	біріншісі саусақтың негізгі бақайшақ, табан-бақайшақтар буыны деңгейіндегі (саусақтан айырылу)	10
	<i>Ескерту:</i> Аяқ басы саусақтарының іріңді қабынуы сақтандыру төлемін жасауға негіз болып табылмайды.	

Ескерту:

1. Өзгерген ауру мүшенің жарақаттануына байланысты ота арқылы алынып тасталуы (жарақат алғанға дейін пайда болған ауруға байланысты) сақтандыру оқиғасына жатпайды.
2. Ауруларға (сусамыр гангрена, тығындалушы энтериит, тамырлардың бітелуі) байланысты аяқ-қолды ампутациялау сақтандыру төлемдерін жүргізуге негіз болып табылмайды.
3. Егер сақтандыру оқиғасының орын алуына әкеп соққан жағдайдың салдарынан Сақтанушының денсаулығы нашарласа (оған мүгедектік немесе мүгедектіктің жоғары тобы қойылса) немесе ол қайтыс болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда көрушіден) алынған өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде бұрын жасалған сақтандыру төлемінің сомасын есепке ала отырып, сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті.
4. Қосарлас/көптеген жарақаттардың нәтижесінде, сақтандыру төлемінің ең жоғары пайызын қарастыратын Жарақаттар кестесі тармақтарының бірі бойынша ғана төлем жасалады.
5. Сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасының 80%-нан аспауы керек.